

Дәріс 12.

ТАҚЫРЫБЫ:

“Республика этностарының
өзара мәдени байланысы.
Қазақстан бірлігінің
ұлттық доктринасы”.

Дәріс сұрақтары:

1. Қазақстандағы этномәдени орталықтар. Достық үйі, ұлттық мектептер
2. Доктринаны қабылдаудың алғышарттары.
3. Доктрина мазмұны және оны жүзеге асыру жолдары.

1. Қазақстандағы этномәдени орталықтар.

Достық үйі, ұлттық мектептер.

Қазақстандағы ұлттық мәдени орталықтардың үш статусы болады. Олар республикалық, облыстық, аудандық болып үшке бөлінеді. Мәселен, республикалық ұлттық мәдени орталықтар туралы айтатын болсақ, бүгінгі танда Әділет министрлігіне нақты тіркелген 28 мәдени орталық бар. Бұл орталықтардың облыста, ауданда өздерінің филиалдары жұмыс істейді. Сонымен қатар ұлттық мәдени орталықтардың жергілікті Әділет басқармаларына занды тіркелгендері де, тіркелмегендері де болады. Осы реттен келгенде, еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жалпы саны 820-дан асады.

Бұл – тіркелген-тіркелмегендерінің барлығын қосып есептегендегі көрсеткіш. Мысалы, республикалық, облыстық ұлттық мәдени орталықтар занды түрде тіркеліп жұмыс істесе, аудандық орталықтар тіркелмейді, оларды жергілікті әкімшілік өздері бақылайды. Қарап тұрсаңыз, Солтүстік Қазақстан облысында этномәдени орталықтар өте көп. Себебі онда қазактар аз да, өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған. Олардың әрқайсысы сол жерде топтасып, ансамбль құрып, этномәдени орталық ретінде бірлесіп жұмыс жасайды.

*«Ынтымағы жарасқан,
тұған өлкем- Қазақстан»*



*Көп үлтты болуымыз – біздің,
байлығымыз,
мақтанышымыз...*

*Тату елге тыңыштық
орнайды, бейбіт елде ғана
береке болады...»*

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



1995 жылдың 1 наурызында тәуелсіз еліміздің тарихында «Қазақстан халқының Ассамблеясы» атты жаңа институт пайда болды. Тоқсаныншы жылдар егемендігін енді алған ел үшін оңай кезең емес еді. Мемлекетімізді аяғынан тік тұрғызу үшін қыруар күш қажет болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа мемлекеттің алдымен экономикасын көтеруді басты мақсат еткені де белгілі. Бірақ бұл мақсатқа бірліксіз, ынтымақсыз қол жеткізу мүмкін еместігін әу баста айқындалап алды. Экономикалық дамумен қатар еліміздегі татулықтың тамырын терендету керектігін тәуелсіздік алғаннан бері халыққа түсіндірумен келеді Мемлекет басшысы. Бастаманың мән-маңызын үғынған еліміздің барлық облысы идеяны іліп әкетті.





2008 жылғы 20 қазанды Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындаіп отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастыруды.

Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылдарының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын үйімдастыру тәртібін айқындауды.

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ
АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫМЫ**

ЭТНОСАРАЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛГІСІ

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ

Этносаралық қатынастар
саласындағы конституциялық
негіздер мен стандарттар

МАҢСАТЫ: қоғамды үйістыру, біртұтас халықты,
қазақстандық сәйкестілікті қалыптастыру

ҚХА-ң жоғары заң шығарушы
орган – ҚР Парламентіндегі
өкілдігі

ҚХА жынындағы
ғылыми-саралтық
кеңес

«ҚХА Қоры» ҚҚ

Қазақстан халқы
Ассамблеясының
БАҚ-ы

«Менің Елім»
журналы

«Достық-Дружба»
журналы

ҚХА-ң ресми
веб-порталы
www.assembly.kz

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

(ҚР Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен
құрылған. Ассамблея басшысы Елбасы болып табылады)

ҚХА – этносаралық қатынастар мен қоғамдық
келісімді үйлестіруші институт.
ҚХА мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асырудың
маңызды құралы болып табылады.

2008 жылғы 20 қазандагы
№229 ҚР «Қазақстан халқы
Ассамблеясы туралы» Заңы

ҚР-нұн этносаралық
қатынастар саласындағы
нормативтік-құқықтық
актлері

Алматы және Астана
қалалары, облыс
ассамблеялары

Респубикалық
ӘМБ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ СЕССИЯСЫ

(Сессия қызметі ҚР «Қазақстан халқы
Ассамблеясы туралы» Заңмен реттеледі)

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КЕҢЕСІ

(Кеңес қызметі ҚР «Қазақстан халқы
Ассамблеясы туралы» Заңмен реттеледі)

2.Доктринаны қабылдаудың алғышарттары.

Қазақстанның барша азаматына тәң мүмкіндіктер мен лайықты тіршілік жағдайын туғызуға ұмтылу, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын мойындау, Ұлт тағдырына жауапкершілікті сезіну, Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, мемлекеттік Тәуелсіздік туралы Конституциялық занда және Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей байырғы қазақ жерінде ұлттық мемлекеттілік құру мен нығайту және де басқа қағидаттарды негізге ала отырып, қоғам мен Ұлтқа Қазақстанның Ұлт Бірлігі Доктринасы ұсынылады.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасы қазақ халқының санғасырлық мемлекеттілігінің құқықтық, тарихи жалғыз дара мұрагері және оның саяси, мемлекеттік құрылымының табиғи жалғасы болып табылады. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін қорғау және ұлттық мемлекеттілігін күшейту жолындағы барлық шараларды атқарады.

Ел тарихы - көптеген қайғылы оқиғалардың күәгері. Халықтың өмірі, оның тілі мен мәдениеті жойылудың алдында тұрған да кездер болған. Қазақ халқы аса ауыр сынақтан өтіп, жай ғана аман қалған жок, мемлекетін де құрды, тәуелсіздігін де алды.

«Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияда және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда егеменді үлттың әрі қарай ұйысуының негіздерін айқындаған екі қағидат жария етілді: біріншіден - Қазақстан мемлекетін құрудың алғышарты болып табылатын қазақ халқының өз тағдырын өзі тандау құқы; екіншісі - елдің барлық азаматтары үшін жасалатын тең мүмкіндік.

Халықтың даналығы, кеңдігі мен сыйластығы этникалық тегіне, әлеуметтік, діни және де шығу тегіне қарамай жаңа мемлекеттің барша азаматының ұйысуына негіз болды.

Тәуелсіздік орнығуының ең қын жылдарында халықтың кемелдігі мен елдің Тұңғыш Президенті - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қайраткерлігі нәтижесінде Қазақстанда этносаралық жанжал мен қоғамның бөлінуіне жол берілген жок.

Сол жылдары, кеңестік дәуірден қалған дағдарыстан өту, жаңа экономикалық және саяси қатынастарды қалыптастыру жағдайында, қоғамды үйістыру ісі: ішкі саяси тұрақтылық, азаматтық татулық және этносаралық келісім қағидалары негізінде жүзеге асқан еді.

3.Доктрина мазмұны және оны жүзеге асыру жолдары.

Ұлт Бірлігі Доктринасы - халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл - бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді - соны түсінудің тәсілі. Бұл - болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

Доктринаның қажеттілігі өмірдің өзінен, біздің жалпы тағдырымыздан, тарих логикасынан туындаپ отыр. Өйткені бірліксіз - Ұлт жоқ. Ұлтсыз - мемлекет жоқ. Ал, мемлекетсіз - болашақ жоқ.

Осыларды негізге ала отырып, Қазақстанның Ұлт Бірлігінің төмендегідей қағидаттары жария етіледі.

I. «БІР ЕЛ - БІР ТАҒДЫР»

Ұлт бірлігін негіздейтін бірінші қағидат - әр азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының - Қазақстан Республикасының - ортақ екенін ұғыну.

Біздің ұлттық бірлігіміз, этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген.

Қандай да бір елдің азаматы болу - әр адамның тағдыры. Алайда, адамдар әрқашан тандау құқығына ие - ал біз өз тандауымызды жасадық. Біздің тандауымыз терең дара сипатта, осы тандау - біздің барлығымызды отандастар етеді. Себебі біздің ортақ еліміз, ортақ отанымыз бар, ол - Тәуелсіз Қазақстан. Тарихи тағдырымыздың ортақтығын түсіну және осы тандауды түйсіне білу - елдің барша азаматын біріктіретін ең басты негіз.

Әрбір азамат, қоғам және мемлекет, халықтың, болашақ ұрпақтың алдында өз жауапкершілігін сезініп, тәмендегідей қажетті әрі ұтымды шараларды қамтамасыз етуі керек:

- еліміздің барлық азаматының өз тағдырын Отаны - Қазақстан Республикасының тағдырымен бірге әрі терең тамырлас екенін сезінуі;
- бізді ыдыратуға және ынтымағымызды бұзуға бағытталған кез келген ықпалға белсенді түрде қарсы тұру;
- Республика конституциялық құрылышының, территориялық тұластығы мен унитарлық құрылымының мызғымас беріктігін нығайту;
- Ұлттық мұддеге негізделген елдің экономикалық, саяси, рухани, ақпараттық қауіпсіздігін одан әрі нығайту, басқа мемлекеттер тарарапынан болатын ақпараттық тәуелділік пен басқыншылыққа немесе қысымға жол бермеу;
- елдің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту үшін республиканың барша азаматын қазақ халқының төңірегіне ұйыстыру;
- ел егемендігінің беріктігіне негізделген халықаралық әріптестік саласында Ұлттық мұдде басымдығын ұстану;
- басты байлығымыз - Тәуелсіздікке, жерге, бірлік пен рухани құндылықтарға тағзым ету;
- азаматтар мен қоғам тарарапынан мемлекеттілікті нығайту, Тәуелсіздік пен территориялық тұластықты қорғауға мейлінше жәрдемдесу.

II. «ТЕГІ БАСҚА - ТЕНДІГІ БІР»

Екінші басты қағидат - этникалық, болмаса басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамай барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру.

Біріміздің алдында бірімізге алдын ала артықшылық берілмейді. Бұл ұстаным біздің бірлік ғимаратымызға берік іргетас болып қаланған. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясында жария етілген.

Бұл қағидат әрбір Қазақстан азаматы өзінің жеке артықшылығы мен шығу тегіне қарамай, қабілетіне қарай барлық мүмкіндігін жүзеге асырып, жетістіктерге жете алатынын аңғартады. Отан мен қоғамға қызмет етуге бағытталған қабілет пен дарын еркін дамуы тиіс, оған ешқандай кедергі болмайды.

Біз мүмкіндіктер тендігі қағидатын сақтай отырып көп нәрсеге қол жеткіздік, келешекте бұдан да зор нәтижеге қол жеткіземіз. Ол үшін азаматтар, қоғам және мемлекет жауапкершілікті тең бөлісуі және мынадай қажетті шараларды пәрменді қолдануы қажет:

- этникалық шығу тегіне, нәсіліне, тіліне, діни сеніміне, сондай-ақ қандай да әлеуметік топқа немесе қоғамдық үйымдар мен партияларға жататынына қарамастан, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы тенденгін қамтамасыз ету;
- қоғамдағы этносаралық және дінаралық алауыздықтың алдын-алу және жолын кесу;
- этникалық және діни қағидаттар бойынша құрылған саяси үйымдарға заңмен тыйым салу;
- ұлтаралық қатынас мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жалпы қабылданған әдеп нормалары мен қағидаттарын сақтай отырып шынайы түрде жариялау;
- азаматтық тенденкті жүзеге асыру тетіктерін одан әрі жетілдіру;
- ұлттық бірлікті нығайтатын әлеуметтік негіз ретінде орташа таптың қалыптасуын жеделдету;
- әрбір адамның азаматтық құқығын және барлық азаматтың заң алдындағы бірдей жауапкершілігін сақтау;

III. «ҰЛТ РУХЫНЫҢ ДАМУЫ»

Ұлт бірлігінің үшінші негізгі қағидаты - біріктіруші және бекітуші бастау ретінде Ұлт Рухын нығайту және дамыту.

Рухани бастау - Ұлттың бір тұтастыққа біріктіретін күш. Халықтың рухы күшті болған сайын, оның мемлекеттілігінің де болашағы зор. Бұл - тарихтың және тағдырымыздың басты қозғаушы күші. Тап осы Ұлттық Рух кез келген елдің бет-бейнесін айқындайды, бағыт-бағдарын нұсқап, дамуына серпін береді.

Біздің Ұлттық Рухымызды көтеру үшін негізгі басымдықтар мыналар: дәстүр мен отансүйгіштік рухы, жаңару рухы, жарыс пен жеңіс рухы.

Мемлекет, әрқайсымыз, бүтін қоғам жауапкершілікті бөлісуі тиіс және қажетті әрі ұтымды мынадай шараларды қамтамасыз етуі керек:

- **Ұлт Рухын дамыту және нығайту, осыны еліміздегі әрбір азаматтың өмірлік бағдарына айналдыру;**
- **мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру;**
- **Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, салтын, тілін дамытуға жағдай жасау;**
- **Ұлттың, мемлекеттің, қоғам және отбасының мызығымастығына бағытталған рухани дәстүрлерді, адамгершілік дүниетанымдық ұстанымдарды сақтау және нығайту;**
- **Ұлттық құндылықтар мен игіліктерге қамқорлық жасау;**
- **жас ұрпақты сыйластық, отаншылдық, Еліне және халқына адал қызмет ету құндылықтары рухында тәрбиелеу;**
- **әрбір адам өзінің білімін, қабілетін, кәсібиілігін және бәсекеге қабілеттілігін үнемі жетілдіріп отыру;**
- **қоғамның өмірлік маңызды барлық саласын одан әрі модернизациялауға байланысты бірлескен дәйекті жұмыстар жүргізу;**
- **Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру.**

Семинар 12

- 1.Казақстандағы этномәдени орталықтар. Достық үйі, Үлттық мектептер
- 2.Доктринаны қабылдаудың алғышарттары.
- 3.Доктрина мазмұны және оны жүзеге асыру жолдары